

**ЖШС «Baby City»
өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы**

ТУЖЫРЫМДАМА

Атырау қаласы

« 02-28 » қазан 2023 жыл

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын (бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарын бекіту туралы» 2023 жылғы 15 маусымдағы №17-13-04-6/320 шығыс хатын басшылыққа ала отырып, ЖШС Baby City мекемесінің педагогикалық кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 04.09.2023 № 18/1 бұйрығы негізінде өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі бағалау ЖШС Baby City мекемесінің 2023 жылғы 04 қыркүйек №18/1 бұйрығы негізінде бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясымен (бұдан әрі – комиссия) өткізілді.

Комиссия құрамында:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы:

1. Сулимова Маржангул Құбикқызы –
ЖШС « Baby City» мекемесінің директоры

Комиссия мүшелері:

2. Нургалиева Гульмаржан Сағиндыковна –
ЖШС Baby City мекемесінің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
3. Иманалиева Альбина Марковна –
ЖШС Baby City мекемесінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. Харисова Айынгүл Әдебиетовна – ЖШС Baby City мекемесінің психологы;
5. Әбсенова Тілекші Мейрамғалиевна –
ЖШС Baby City мекемесінің кадр бөлімінің маманы;
6. Қазанбекова Жанар Борисовна –
ЖШС Baby City мекемесінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
7. Бегалиева Наталья Гиниятовна - ЖШС Baby City балабақша меңгерушісі;

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша

өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізіледі.

ЖШС Baby City мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын мектеп жапындағы зерделеу тобы зерделеп, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және жан-жақты талдау жүргізді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау алғашқы шаралары

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы:

ЖШС Baby City жеке мектеп мекемесі.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (таңды мекен-жайы және нысаны орналасқан жерінің мекен-жайы)

Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Мәзін Халелов көшесі №1, пошта индексі 060003

Таңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт) 8(7122) 45-34-14, babycity17@mail.ru.

Web-сайт <https://babycity.edu.kz/>

Таңды тұлға өкілінің байланыс деректері

Сулжимова Маржангул Кубиевна, ұялы телефоны: 8 702 406 91 74,

Лауазымына тағайындау туралы бұйрық: 01.06.2017 ж. Бұйрық №97

(басшының Т.А.Ә. лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың копиясы тіркелді)

Мектептің техникалық паспорты

Мектептің техникалық паспорты 2012 жылы 24 шілдеде жасалған.

Сериясы – В; қабат саны – 3; құрылыс ауданы – 1225; пәнарманының ауданы – 12432; жалпы алаң – 3000,4 м²; салынған жылы – 2012 жыл. (техникалық паспорт көшірмесі қосымша ұсынылады);

Атырау облысы, Атырау қаласы, Мәзін Халелов көшесі, 1 үй. Осы ахт «ЖерҒӨО» РМҚ Атырау филиалында жасалды. (жер учаскесінің алаңы – 0,8729 га) кадастрлық номері: 04-066-031-386 (копиясы қосымша ұсынылады);

Таңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы куәлігі бар

(копиясы қосымша ұсынылады);

Жобалық сыйымдылығы – 250 оқушы.

Мектепте оқушылардың қауіпсіздігін қадағалауға толық жағдай жасалған,

бейне камералардың саны – 14, ішкі камералар саны – 10, сыртқы камералар саны – 4.

Мектепте мүмкіндігі шектеулі адамдарға толық жағдай жасалған, тактильдік жолдар төселген, мектепке кіру үшін арнайы пандус талпықа сай орнатылған, арнайы ажетхана бар.

Мектеп жеке меншік оқу орны. Оқушылары толық күн мектепте болады. Оқушыларға білім беру қызметі, қосымша үйірмелер, тегін оқулықтар, 5 мерзіл тамақпен қамтамасыз етілген. мектепте

250 орындық асхана жұмыс істейді.

Мектептің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, Қазақстан Республикасында орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензиясы қосымшасы берілген)

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 02.11.2017 ж. жылы білім беруге рұқсат берілген № KZ39LAA00010363 лицензиясы негізінде жүзеге асырылады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түріне бастауыш білім беру көрсетілген.

Мектепті дамыту бағдарламасы. Мектепте 2021-2026 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған. Бағдарламаны іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

I кезең-2021-2022 жж. Бағдарлама мақсаты негізінде комплексті түрде жүйелі жұмыстарды ұйымдастыру. Қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. Бағдарламаның нормативтік базасын әзірлеу және бекіту. Оны іске асыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын анықтау және талдау;

II кезең-2023-2024 жж. Бағдарламаны жүзеге асыру

III кезең – 2025-2026 жж.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы нәтижелерді жинақтау, сараптама жасау, талдау, нақты ұсыныстар енгізу. Нәтижелерді рәсімдеу және қорытындылау. Озат тәжірибе жетістіктерін енгізу. Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау.

Мектеп миссиясы – оқушыларға мүмкіндіктеріне сай білім беру, қажеттіліктері мен бейімділіктеріне қарай жеке оқыту, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану.

Мақсаты: «Жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде адамды тәрбиелеуге және оқытуға бағытталған инновациялық технологияларды педагогикалық тәжірибеге енгізуде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыру».

Мектеп мақсаты:

- Білім беру процесінде оқу-тәрбиені жеке ұйымдастырудағы мұғалімдердің дайындық жұмыстарын жүйеге келтіру;

- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, тиімді және сапалы білім беру, оның тұтастығы мен даму мәселелерін шеше алатын Қазақстан патриоты – полимәдениетті, прагматикалық тұлғаны қалыптастыру.

Мектептің алға қойылған міндеттері:

- жаһандық білім беру трендтерінде негізгі Қазақстандық білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың сапалы көрсеткіштерін қамтамасыз ету;
- оқушылардың білім берудің жаңартылған мазмұны мен технологияларын іске асыру үшін жағдай жасау;
- тіл және жалпы мәдениеттің өзара байланысқан дамуы және жаһандық ойлаудың қалыптасуы орын алатын трансұлттық құзыреттілікті дамыту;
- сұраныстарға сәйкес білім беру қызметіне тең қол жеткізуді және барлық білім беру субъектілерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби дамуын үнемі жетілдіріп отыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу;
- электронды оқыту тәжірибесі арқылы мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзыреттіліктерін қамтамасыз ету;
- дарынды балалармен жеке жұмыстарды тиімді ұйымдастыру жағдайында әдістемелік бірлестіктер мен шығармашыл ұстаздардың белсенділігін және жауапкершілігін көтеру;
- білім алушының өз тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі салалардағы және іс-әрекет түрлеріндегі мәселелерді өздігінен шешу қабілетін дамыту;
- жанашыл ұстаздардың ғылыми-зерттеу, жобалық, әдістемелік жұмыстарын ынталандыру;
- Оқыт тәжірибе тарату аумағын кеңейту;
- жаңа форматтағы кәсіби мамандардың педагогтық ізденістерін үштілде оқытуды тәжірибеге енгізудегі саралау жұмыстарын жетілдіру;
- білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, дарынды оқушыларды қолдауға арналған жобаларды жүзеге асыру;
- оқушының тұлғасын қалыптастыруда мектеп пен отбасы алуатін кіріктірудегі ата-аналардың қоғамдық Кеңестерінің үйлестірушілік ролін жандандыру;
- дарынды балалардың халықаралық және республикалық деңгейдегі байқауларына қатынасуына жағдай жасау, олардың даму қарқынын анықтап, сараптап отыру;
- республикалық, облыстық деңгейдегі білім беру ұйымдарының тәжірибесін үйрену;
- жас мамандардың кәсіби біліктіліктерін үздіксіз көтеруді

- ұйымдастыру, оларды жан-жақты қолдау шараларын жүзеге асыру, тәлімгер мен тәлім алушы байланысын нығайту;
- бағдарламаға енгізілген «Әліпби», «Ана тілі», «Букварь», «Обучение грамоте» «Цифрлық сауаттылық» пәндерінің сапалы берілуіне басты назар аудару;
- жаңғы мектеп есебінен оқыту жұмысын ұйымдастыру, дамыту;
- оқытудың әртүрлі форматтарына дайын болуды қамтамасыз ету;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру;
- ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру;
- мектеп пен отбасында күнделікті кітап оқуды ұйымдастыру.

2. Кадрлық құрамға талдау

Педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдардағы 7-қосымшаға сәйкес толықтырылып баспаның қолымен және мөрімен расталып 2021-2022 оқу жылы бойынша кесте, 7-қосымшаға сәйкес 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша кесте, штаттық және тарифтеу тізімі, біліктілік арттыру және біліктілік санатын беру, соттылығы жайлы мәліметтер көшірмелері қоса берілді. (әдістемелік ұсынымдардағы 7-қосымша педагогикалық кадрлар құжаттары мұрағаты) Өзі-өзі бағалау барысында кадрлармен жұмыс бойынша барлық нормативтік құжаттардың бар екендігі, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары уақтылы жүргізілетіні жеке еңбек келісім-шарттары жасалғаны, мұғалімдердің жеке істері, педагогикалық ұжымның сапалық құрамы оқу-тәрбие процесін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларды растайтын құжаттар тізбесі» бұйрығына сәйкес келеді.

Мектеп толығымен жеке меншік болып табылады. Облыс көлеміндегі педагогикалық кадрлардың тапшылығы, мектепке де әсерін тигізуде. Кадр тапшылығын қосалқы қызметкерлер көмегімен шешуде. Соңғы оқу жылдарында мектептің педагогикалық ұжымының сандық құрамы төмендегідей: 2021-2022 оқу жылында барлығы 21 мұғалім, оның штаттық негізде 12 мұғалім, 9-ы қосалқы қызметкерлер, 2022-2023 оқу жылы – 22 мұғалім, оның штаттық негізде 10 мұғалім, қосалқы негізде 12 мұғалім, 2023-2024 оқу жылы-22 мұғалім, оның штаттық негізде 10 мұғалім, қосалқы қызметте 12 мұғалім жұмыс жасайды. Қосалқы қызметкерлер, көбінесе пән мұғалімдері. Қосалқы қызметкерлердің арасында кадрлардың жөні ауысуы жоқ, соңғы 3 жылда тұрақты жұмыс жасап келеді. Сол себепті білім сапасына кері әсерін тигізбейді.

Лауазымы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Директор	1	1	1
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	1	1	1

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	1	1	1
Педагог-психолог	-	1	1
Бастауыш сынып мұғалімдері	11	11	10
Пән мұғалімдері	7	7	8

Мұғалімдердің білім деңгейі:

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі жоғары білімі бар мұғалімдер 2021-2022 оқу жылы 82%, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы 95% құрады.

Оқу жылы	Барлық педагог саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
2021-2022	21	18 (86%)	3(14%)
2022-2023	22	21 (95%)	1(5 %)
2023-2024	22	21(95%)	1 (5%)

2021-2022 оқу жылында негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -37%

2022-2023 оқу жылында негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -50%

2023-2024 оқу жылында негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -13% құрайды.

Оқу жылы	Жоғары категория	I санат	II санат	Педагог- мастер	Педагог- зерттеуші	Педагог- сарапшы	Модератор	Санаты жоқ
2021-2022	2	2	2	1	3	3	-	8
2022-2023	2	3	1	1	4	2	2	7
2023-2024	-	-	-	1	5	4	2	10

Мұғалімдердің еңбек өтілі мен жасына қарай бөлінуін талдау педагогикалық ұжымның жеткілікті жетілгендігі мен тәжірибесін көрсетеді:

3 жылдан 5 жылға дейін – 1(5%), 5 жылдан 10 жылға дейін – 2 (9%), 10 жылдан 20 жылға дейін – 9 (41%), 20 жылдан 30 жылға дейін – 6 (27%), 30 жылдан жоғары – 4 (18%) -ды құрайды.

Мұғалімдердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыру курстарынан өтуі сақталған.

Білім мазмұнын жаңарту аясында барлық педагогтар пәндер бойынша курстардан өтті. (Соңғы үш жылдағы біліктілік арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификаттар тіркелді)

**Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда біліктілік
арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы
мәліметтер**

Р/с №	Тегі, аты, жөнінің аты (болған жағдайда)	Тыңсырылған атауы	Оқыған орын мен көлемі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу наамы
1	2	3	4	5	6	7
1	Сулaimova Маржангул Кубишева	«Білім берудегі мониторинг» орта білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру	3 ақпан, 2021 жыл	ПШО АҚҚ «ННШ» Атырау қаласы	80 сағат, ж. өтілі 21 жыл	Сертификат 0926087
		«Үздік директор» біліктілік арттыру	16 қаңтар, 2023 жыл	«Daryn online»	72 сағат, ж. өтілі 21 жыл	Сертификат №22-09378
2	Нургалиева Гүлнарзан Сағындықовна	Жаңарту шеңберінде «Физика» пәні бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру	19 қазан, 2020 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	80 сағат, ж. өтілі 22 жыл	Сертификат БК №009203
		«Білім берудегі мониторинг» орта білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру	03 ақпан, 2021 жыл	ПШО АҚҚ «ННШ» Атырау қаласы	80 сағат, ж. өтілі 22 жыл	Сертификат 7876b37
3	Мусина Мәлітір Қанатқызы	Жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру	05 мамыр, 2021 жыл	«Самғау» педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау республикалық орталық	72 сағат, ж. өтілі 12 жыл	Сертификат №003384
		Жаңарту шеңберінде «Бағалауға арналған танып-тану әдістері және сараптау» педагог кадрларының біліктілігін арттыру	10 ақпан, 2023 жыл	ПШО АҚҚ «ННШ» Атырау қаласы	80 сағат, ж. өтілі 12 жыл	Сертификат 420bdc667
4	Журжанова Алнар Кемеловна	«ҚР мемлекеттік рәміздерін танытпау және ұлттық стандартқа	11 қараша, 2022 жыл	Мемлекеттік рәміздерін танытпау жөніндегі	8 сағат, ж. өтілі 29 жыл	Қуалік №0029406

		сай жинауу багытындагы жұмыстар» тәжірибесіндегі авторлық әдістемелік семинар - курс		ұлттық орталық		
		«Развитие профессиональной компетентности учителя общеобразовательной школы»	05 ноябрь, 2022 год	Казахстанский центр переподготовки и повышения квалификации	ж.өтілі 29 жыл	Сертификат №115135
5	Дн Ольга Александровна	Жаңарту әңгіберінде орыс тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып мұғалімі бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру «Заманауи сабақты жоспарлау: идеядан нәтижеге дейін» атты семинар	08 қапан, 2021 жыл	ПШО АҚК «ННШ» Атырау қаласы	120 сағат, ж.өтілі 11 жыл	сертификат
		«Заманауи сабақты жоспарлау: идеядан нәтижеге дейін» атты семинар	24 ақпан, 2023 жыл	ПШО АҚК «ННШ» Атырау қаласы	8 сағат 11 жыл	Сертификат 0823-r06
6	Қалдыбеков Марта Жұрабекқызы	«Заманауи сабақты жоспарлау: идеядан нәтижеге дейін» атты семинар	24 ақпан, 2023 жыл	ПШО АҚК «ННШ» Атырау қаласы	8 сағат, ж.өтілі 4 жыл 8 ай	Сертификат 0823-r08
		«Заманауи сабақты жоспарлау: идеядан нәтижеге дейін» атты семинар	24 ақпан, 2023 жыл	ПШО АҚК «ННШ» Атырау қаласы	8 сағат ж.өтілі	Сертификат 0823-r09
7	Бекенова Гулзылхан Ахметовна	«Цифровая трансформация школьного образования. Зарубежные практики»	20.10 – 02.11. 2020 год	SKLAD образовательная онлайн платформа	54 часа, ж.өтілі	Сертификат №00224
		«Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	23 сәуір, 2021 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	80 сағат, ж.өтілі 14	Сертификат №0414049
8	Жасығалиева Бағдатұл Унайжановна	«Музыка сабағы – музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы» атты семинар	09 ақпан, 2023 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	8 сағат, ж.өтілі 14	Сертификат №101067

		Музыка пәні металімінің жұмыртқалықтарын алдыру	09 наурыз, 2023 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	80 сағат, ж.өтімі 14	Сертификат №0658353
9	Исбаева Галина Есептегізбаева	Изучение сложных тем предметов учебного плана начальной школы	30-10 кабана, 2023ж	АО НЦК «Өрлеу»	ж.өтімі 44 жыл 10 ай	Сертификат 13.11-17.11 аралығында
10	Аманжолбекова Галина - Балу Диафаровна	Изучение сложных тем предметов учебного плана начальной школы	30-10 кабана, 2023ж	АО НЦК «Өрлеу»	ж.өтімі 41 жыл	Сертификат 13.11-17.11 аралығында
11	Кабулова Жазира Куттыбаевна	Сабасты зерттеу тәсілін қолдану арқылы металімінің қосын дыру	30.01, 2023ж	АО НЦК «Өрлеу»	ж.өтімі 23 жыл	Сертификат 30.5.5.5.8
12	Сейбаталеева Сания Биебулатовна	«Цифровая трансформация школьного образования. Зарубежные практики»	20.10 – 02.11, 2020 ж	SKLAD образования ж онлайн платформа	54 часа, ж.өтімі 37	Сертификат №00223
		«Заманауи сабақты жоспарлау: нақадан көпкейге дейін»	24 ақпан, 2023 жыл	ПШО АҚК «НӨНП» Атырау қаласы	8 сағат, ж.өтімі 37	Сертификат 0823m2d3
		«Жаңа заманға – жаңашыл педагог» республикалық тәжірибелік семинар	27 тамыз, 2023 жыл	«Әділдік мерейі» Республикалық ақпараттық – танымдық педагогикалық журналы	ж.өтімі 37	Сертификат №1317
		Б.Алтынсариннің білім беру жүйесі, Исмаиловті білім беру. Буалықтін алдым алу жолдары, Сабасты қызықты өткізуге арналған тәжірибелік, заманауи педагогикалық әдіс – тәсілдер, ТОП – 10 платформа тықарыптарында білімділік арттыру	30 шілде, 2023 жыл	«Мұрағат мерейі» Республикалық ақпараттық – танымдық педагогикалық журналы	ж.өтімі 37	Сертификат №1302
13	Брегаева Назгул Абатовна	«Қауыпсыздық оқыту: сабақты тәжірибелік басты	28 қапан 2020 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	40 сағат, ж.өтімі	Сертификат №5340689

		Білім беру процесін ұйымдастыруға дейін»				
14	Бетмурзет Дәстүр Утегеновна	Білім беру мақсатын жанарудың түзету-оңалдылық жинақтары негізінде сабақты тиімді жоспарлау	28 желтоқсан 2020 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	8 сағат ж.өтімі 13 жыл 4 ай	Сертификат №133904
15	Садирова Иялас Досонгалиевна	Деме тәрбиесі мүдделдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру	29 қыркүйек 2023 жыл	Ұлттық ғылыми практикалық және тәрбиесі орталығы РМБҚ Атырау қаласы	80 сағат ж.өтімі 14 жыл	Сертификат №00013764
16	Нуржанова Райна Мендигалиевна	«Білім беру арнасын танытқындарды жіктеу және сарптау» педагог-кадрлардың біліктілігін арттыру	29 қараша, 2021 жыл	Педагогикалық шеберлік орталығы Атырау қаласы	80 сағат, ж.өтімі 12 жыл	Сертификат БЖ №001040
17	Джумагалиева Орынай Аманжолді қызы	ДТБКО біліктілігін арттыру курсы	26.02.2021	АО НЦК «Өрлеу»	ж.өтімі 4 жыл	Сертификат 19645fa0e18b- -1eb-a9c2
18	Асабаева Алтынай Асқаровна	Развитие предметных компетенций учителей русского языка и литературы в освоении сложных тем в 5-9 классах	19 – 30 сентября, 2022 год	АО НЦК «Өрлеу» город Атырау	80 часов, ж.өтімі	Сертификат №0558762
		Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының міндеті	24 желтоқсан 2020 жыл	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қаласы	40 сағат, ж.өтімі	Сертификат №0378380
		Жанарту шеберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру	19 қазан, 2020 жыл	АО НЦК «Өрлеу» город Атырау	120 сағат, ж.өтімі	Сертификат БЖ № 020796
19	Айдарықова Фаришат Бісембаевна	Информатика пәні бойынша	2.06.2019	АО НЦК «Өрлеу» Атырау қ.	ж.өтімі 10 жыл	БЖ006762

Мақсұтова 20 Вероника Галиковна	Жаңарту аясында «Деле шынайы» және бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру	04 желтоқсан 2020 жыл	ПШО АҚК «ННП» Атырау қаласы	80 сағат, ж.өтілі 35 жыл	Сертификат cb47bc17
---------------------------------------	--	-----------------------------	-----------------------------------	--------------------------------	------------------------

Мекеме басшыларының аттестаттаудан өтуі туралы.

Директоры:

Сулимова Маржангул Кубиевна – Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі, еңбек өтілі 20 жыл. Жоғары санат 2018ж расталған. Биылғы оқу жылына қолданыстағы санат мерзімі өткен. 2021ж. білім беру ұйымдары басшыларының «Білім берудегі менеджмент» тақырыбында біліктілік арттыру курсынан өтті.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Нургалиева Гулмаржан Сағымдыковна – физика пәнінің мұғалімі, педагогика магистрі. Еңбек өтілі 22 жыл. 1 санат- 2018ж расталған. Биылғы оқу жылына қолданыстағы санат мерзімі өткен. 2021ж. білім беру ұйымдары басшыларының «Білім берудегі менеджмент» тақырыбында біліктілік арттыру курсынан өткен.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Иманалиева Альбина Марксовна – химия пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 10 жыл, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- 1 жыл. Орынбасар лауазымында еңбек өтілі 1-3 аралығында болғандықтан менеджмент бағытында біліктілік арттыру курстарын өтпеді.

**2021-2023 оқу жылындағы қалалық және облыстық
жеңімпаздары, республикалық конкурстар мен
жарыстардың қатысушылары, және олардың жетекші
педагогтері**

	Педагогтың аты-жөні	Оқушының аты-жөні	Конкурс атауы	Нәтиже
1	Исабекова Галина	Мағауия Асанали	«Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсы. Қалалық кезең, 2023ж	Алғыс хат
		Ескер Стефан	«Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсы. Қалалық кезең, 2023ж	Алғыс хат
		Жақбулат Алихан	«Кенгуру-математика для всех» конкурсы, 2023ж	2-орын
		Айсағалына Алихан	«Кенгуру-математика для всех» конкурсы, 2023ж	2-орын
		Мағауия Асанали	Международная дистанционная олимпиада «Зерде», 2023ж	2-орын
		Мағауия Асанали	Международная олимпиада по предмету «математика», 2022ж	3-орын

		Мағауиа Асанали	Международная олимпиада по предмету «русский язык», 2022ж	1-орын
		Мағауиа Асанали	«Русский медвежонок-языкознание», 2022 ж	1-место
		Муратов Айна	«Азбота» жетпісрік олимпиадасы, 2021ж	1-орын
		Кім Аманжол	«Азбота» жетпісрік олимпиадасы, 2021ж	2-орын
		Торосай Асан	«Азбота» жетпісрік олимпиадасы, 2021ж	2-орын
		Сатыр Дамир	«Азбота» жетпісрік олимпиадасы, 2021ж	2-орын
		Юн Арнаш	«Азбота» жетпісрік олимпиадасы, 2021ж	2-орын
		Накымов Сұлтанбек	«Азбота» жетпісрік олимпиадасы, 2021ж	2-орын
2	Сейбатуллына Саиға	Кослер Даниял	Математика пәнінен 3-4 сыныпта арналған «Алтын сақа» олимпиадасы. Қытамық көзен, 2022ж	грамота
		Салықов Арсен	Математика пәнінен 3-4 сыныпта арналған «Алтын сақа» олимпиадасы. Қытамық көзен, 2023ж	1-орын
		Салықов Арсен	Математика пәнінен 3-4 сыныпта арналған «Алтын сақа» олимпиадасы. Облыстық көзен, 2023ж	1-орын
		Қадимова Дина	Математика пәнінен 3-4 сыныпта арналған «Алтын сақа» олимпиадасы. Қытамық көзен, 2023ж	3-орын
		Салықов Арсен	2-4 сынып оқушылар арасындағы «Бастау» олимпиадасы. Қытамық көзен, 2023ж	2-орын
		Қадимова Дина	2-4 сынып оқушылары арасындағы пәндік олимпиада. Қытамық көзен, 2023ж	1-орын
		Шығғыс Абдулмәлік	2-4 сынып оқушылары арасындағы пәндік олимпиада. Қытамық көзен, 2023ж	3-орын
		Салықов Арсен	2-4 сынып оқушылары арасындағы пәндік олимпиада. Қытамық көзен, 2023ж	Алтын хат
3	Ли Олыға	Кім Энвер	2-4 сынып оқушылары арасындағы пәндік олимпиада.	Алтын хат

			Қалайық кезең, 2023ж	
		Ақсаян Ақсаян	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	1-орын
		Ноғайбаев Касым	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	2-орын
		Андрейкина Ульяна	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	2-место
		Ким Энир	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	1-место
		Мадиева Найля	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	2-орын
		Андрейкина Ульяна	2-4 сынып оқушылары арасындағы интеллектуалдык олимпиада, Қалайық кезең, 2023ж	2-орын
		Ақсаян Ақсаян	2-4 сынып оқушылары арасындағы «Бастау» олимпиадасы, Қалайық кезең, 2023ж	3-орын
4	Амангалиева Галия-Балу	Талан Торсейрат	2-4 сынып оқушылары арасындағы «Бастау» олимпиадасы, Қалайық кезең, 2023ж	3-орын
5	Бектенов Гулсаян	Жайлыбай Алсын	Математика пәнінен 3-4 сыныптық аралық «Алтын сақ» олимпиадасы, Қалайық кезең, 2023ж	Гранита
		Қулибаев Дәмір	«Русский медвежонок-эколог», 2021 ж	2-место
		Бердеева Нұрбайт	«Русский медвежонок-эколог», 2021 ж	2-место
		Аханов Сұлтанали	«Русский медвежонок-эколог», 2021 ж	2-место
		Копира София	«Русский медвежонок-эколог», 2021 ж	2-место
6	Қалдыбаева Марта	Асанбаев Дилмурат	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	3-орын
		Қайдар Аліби	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	3-орын
		Татанова Карина	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	2-орын
		Қайдар Ильяс	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	2-орын
		Джур Миростан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	1-орын
		Гім Ильяс	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	1-орын
		Лучинина Кара	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, 2023ж	1-орын
7	Мусина	Жумабай	«Кенгуру» викторинасы, 2023ж	1-орын

Муғалым	Оқушы	Оқушы	Оқушы	Оқушы
		Қижа Айттегін	2-4 сынып оқушылары арасындағы логика олимпиада. Қалалық кезең, 2023ж	Алтын хат
		Чалжак Азель	«Математика» пәнінен халықаралық қысқашыстан олимпиада, 2022ж	2-орын
		Қушмашев Даулет	«Албота» республикалық қысқашық олимпиадасы, 2022ж	1-орын
		Сарсенбаев Семья	«Албота» республикалық қысқашық олимпиадасы, 2022ж	1-орын
		Сұлтан Асем	«Албота» республикалық қысқашық олимпиадасы, 2022ж	3-орын
8	Жабулова Жазира	Наурызбай Әбілмансұр	«Албота» жетекшілік олимпиадасы, 2021ж	1-орын
		Болат Нұрсалам	Бастауыш сынып оқушылары арасында өткен «Мен құрастырған ертегі» қалалық байқауы, 2021ж	Алтын хат
		Исмаил Мадан	Бастауыш сынып оқушылары арасында өткен «Мен құрастырған ертегі» қалалық байқауы, 2021ж	3-орын
		Хайрилла Исмаил	Бастауыш сынып оқушылары арасында өткен «Мен құрастырған ертегі» қалалық байқауы, 2021ж	2-орын
9	Жұраханов Анар	Сегізбай Рама	2-4 сынып оқушылары арасындағы логика олимпиада. Қалалық кезең, 2023ж	3-орын
10	Амирханов Бекер	Сегізбай Нұрлыжан	Математика пәнінен 2-4 сыныпқа арналған «Алтын сабақ» олимпиадасы. Қалалық кезең, 2022ж	2-орын
12	Ергалиева Негуан	Ким Англия	«British Bulldog» ағылшын тілінен халықаралық конкурс, 2021ж	1-место
		Жеслер Динис	«British Bulldog» ағылшын тілінен халықаралық конкурс, 2021ж	1-место
		Байдуллин Сулейман	«British Bulldog» ағылшын тілінен халықаралық конкурс, 2021ж	1-место
		Сатыбай Алмаз	«British Bulldog» ағылшын тілінен халықаралық конкурс, 2021ж	1-место
		Нұрсалиев	«British Bulldog» ағылшын	1-место

	Азиз	тілінен қалыңдаралық конкурс, 2021 ж	
	Тусуабаева Малына	«British Bulldog» аталатын тілінен қалыңдаралық конкурс, 2021 ж	1-орын

3. Білім алушылар контингенті

Жаңа 2023-2024 оқу жылы 12 сынып комплектісімен басталды. Оқушылардың саны-171 оқушы. Соңғы үш жылда оқушылар қозғалысы статистикалық форма негізінде төмендегі кестеде көрсетілген (оқушы саны/ қыздар саны):

Оқу жылы	Оқу жылының басы	Келгені	Кеткені	Оқу жылының аяғы
2021-2022	168/69	25/10	13/6	180/73
2022-2023	183/75	18/8	22/10	179/73
2023-2024	171/72			

Соңғы үш жылдағы оқыту тілдері бойынша сынып комплектісі және оқушы саны бойынша мәліметтер төменде жылдар бойынша келтірілді.

• 2021-2022 оқу жылы

Сыныптар	1	2	3	4	1-4 сыныптар
Сынып комплект саны:	4	2	3	3	12
-оның ішінде қазақ тілінде	1	-	1	1	3
Барлық оқушы саны	70	32	49	29	180
-оның ішінде қазақ тілінде	16	-	15	5	36

• 2022-2023 оқу жылы

Сыныптар	1	2	3	4	1-4 сыныптар
----------	---	---	---	---	--------------

Сынып комплект саны:	3	4	2	3	12
-оның ішінде қазақ тілінде	1	1	-	1	3
Барлық оқушы саны	54	56	26	43	179
-оның ішінде қазақ тілінде	12	11	-	13	36

• 2023-2024 оқу жылы

Сыныптар	1	2	3	4	1-4 сыныптар
Сынып комплект саны:	5	3	3	1	12
-оның ішінде қазақ тілінде	2	1	1	-	4
Барлық оқушы саны	72	44	39	16	171
-оның ішінде қазақ тілінде	28	13	8	-	49

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

4.1 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі;

Талдау нәтижелері: ЖШС «Baby City» жеке мектебінің 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарындағы 1-4 - сыныптардың жұмыстық оқу жоспарлары зерделенді.

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптарда 12 сынып комплектісіне оқу жоспары жоспарланған. Жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы негізінде жасалған.

1-4-сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №215 бұйрығының 1 – 4 – қазақ тілінде оқытылатын сыныптар үшін 11-қосымшасы, (орыс сыныптары үшін 12-қосымшасы) және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып жасалған (көшірме қосымша ұсынылады);

Сабақ кестесі: 2021-2022 оқу жылына құрылған сабақ кестесі бес күндік оқу аптасына сәйкес құрылған. Сабақ кестесін құру барысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарының сақталуы басты назарда ұсталынып жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі нормалардан аспауы қарастырылған. Мектептің сабақ кестесі оқу жылының екі жарты жылдығына жасалған. Вариативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз сапы бар күндері жоспарланған. Сонымен қатар үзіліс кестесі жасакталып, бекітілген. Үзіліс кестесі оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативін сақтай отыра мектеп ерекшелігін ескере отыра бекітілді. Сабақ кестесіндегі сабақтар электронды журналдарға толық түсірілген.

2022-2023 оқу жылында 1-4 – сыныптарда 12 сынып комплектісіне оқу жоспары жоспарланған. Жоспар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде жасалған.

1-4 қазақ тілінде оқытылатын сыныптарға арналған оқу жоспарлары «ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 11 қосымшасы, (орыс сыныптары үшін 12-қосымшасы);

2022 жылдың қараша айында үлгілік оқу жоспарына өзгерістер енгізіліп қайта жасакталды.

1-4 сыныптарға арналған оқу жоспарлары «ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 11,12 қосымшасы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-қосымшасы, орыс сыныптары үшін 9-қосымшасы басшылыққа алынды.

Сабақ кестесі: 2022-2023 оқу жылына құрылған сабақ кестесі бес күндік оқу аптасына сәйкес құрылған. Сабақ кестесін құру барысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарының сақталуы бапты назарда ұстатынып жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі нормалардан аспауы қарастырылған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі нормалардан аспауы қарастырылған. Мектептің сабақ кестесі оқу жылының екі жарты жылдығына жасалған. Вариативтік сабақтар міндетті сабақтардан барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сонымен қатар үзіліс кестесі жасакталып, бекітілген. Үзіліс кестесі оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативін сақтай отыра мектеп ерекшелігін ескере отыра бекітілді. Сабақ кестесіндегі сабақтар электронды журналдарға толық түсірілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:

2021-2022 оқу жылының оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 11-12 қосымшасы;

2022-2023 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-9 қосымшасына сәйкес келеді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарына сәйкес келеді.

4.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Талау нәтижелері:

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 27 қарашадағы №496с бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген

(толықтырулары мен өзгерістерімен) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының» негізінде оқытылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен «Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларының» (соңғы өзгерістерімен, толықтыруларымен) сәйкес келеді.

4.3 Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті және білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Таңдау нәтижелері:

2021 – 2022, 2022-2023 оқу жылына арналған ЖШС Baby City мектебінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы 10,15-қосымшасымен бекітілген, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жасалды.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпыадамзаттылық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1.Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтықта тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2.Рухани – танымдық тәрбие

3.Ұлттық тәрбие

4.Отбасылық тәрбие

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6.Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық, кибермәдениет және кибергигиена мәдениетін тәрбиелеу

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Осы негізде ҚР Президенті әкімшілігінің 2017 жылғы 28 шілдедегі хатында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында 6 тамыз 2017 ж. Атырау облысында білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру» тұжырымдамалық негіздерін іске асыру шаралары бекітілді. Осы негізде барлық сыныптардың тәрбие жұмысы жоспарына «Рухани жаңғыру» бөлімі енгізілді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани –

адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерінің дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауаттың күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған. Ағымдағы оқу оқу жылында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына І-қосымшасын Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2021-2022 оқу жылына арналған Өдістемелік нұсқау хатына сәйкес жұмыстар жүргізілген. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне негізделіп құрылған. Білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағалауға, дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамытуға, интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында түрлі бағытта үйірмелермен қамтамасыз етілген. Білім алушылармен Қазақстандық патриотизм сезім, құқықтық және азаматтық сана-сезім, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығы, парасаттылық пен адалдық, толеранттылық, еңбекке деген құрмет, «толық адам» қасиеттері және зорлық-зомбылық пен агрессивтілік ой-пиғыл мен әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алу, адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкелі қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, тұтан табиғатқа деген сүйіспеншілік, эстетикалық сана, эстетикалық талғам, зияткерлік ұстаным, әрбір тұлғаның өмірбаяндылық қасиеттері мен дарындылығы, ақпараттық мәдениет, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мен спортпен дене бітімін жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау бағытында іс-шаралар жоспарланып жүргізілген. Дарынды және қабілетті оқушылармен жұмысты дұрыс ұйымдастыру жолдарын айқындау және қабілетті балалармен жұмыс жүргізетін тәжірибелі педагогтер командасының жұмысын дамыту іс-шаралар қолға алынған. Білім алушылардың сабақтан тыс қосымша сабақтарға қатысып, өзін шығармашылық, еңбек, дене тәрбиесі бойынша дамытуға мүмкіндіктері бар Мектепте оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеті үшін барлық мүмкін

жағдайлар жасалған. Мектеп өз ерекшелігіне қарай толық күнге арналған. Күннің екінші жартысында оқушыларға үйірмелер ұйымдастырылған. Мектепте футбол, би, ағылшын үйірмелері жұмыс жасайды. Сонымен бірге оқушылар қосымша білім беру ұйымдарына «музыка мектебі, спорт мектебі, би үйірмесі, тэквандо сияқты түрлі үйірмелерге де қатысады. Сондай-ақ, спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысып, өз деңгейлерінде түрлі нарыпаттарға ие. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары ұйымдастырылған. (қосымша үйірмелер туралы мәлімет, оқушылардың спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері жалғанды.)

Әр сынып сынып жетекшісінде мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі оқушының жеке басының әлеуметтік азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастардың патриотизмі мен мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде патриоттық жобалар пайдаланылады.

"Мәңгілік Ел" және "Туған жер", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы. Ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;
- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;
- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;
- мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Мектептегі азаматтық-патриоттық тәрбие-бұл оқушыларды демократиялық қоғам жағдайында жұмыс істеуге және өзара әрекеттесуге, құқықтар мен міндеттерді іске асыруға, сондай-ақ өзінің саяси, моральдық және қорықтық таяулауы үшін, өмірлік жетістікке жету үшін өз қабілеттерін барынша дамыту үшін жауапкершілікті нығайтуға дайындаудың мақсатты,

адамгершілікке негізделген процесі.

Азаматтық – патриоттық тәрбие бойынша жұмыс оқу сабақтарын ұйымдастыру, сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік рәміздерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында: "Тәуелсіз Қазақстанның рәміздері", "Қазақстанды өз жүрегінде алып жүру", "ҚР Мемлекеттік рәміздері" сынып сағаттары, "Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?" сауалнама жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу бойынша әңгімелер жүргізілген.

Мектептің фойесінде, оқу кабинеттерінде ҚР Мемлекеттік рәміздері ұсынылған. Әр дүйсенбі сайын бірінші сабақта, салтанатты іс-шараларда ҚР Әнұраны орындалады. Барлық іс-шаралар азаматтық өзін-өзі тануды, он қарым-қатынастар мен құндылықтарды қалыптастыруда ҚР Мемлекеттік рәміздерінің мәнін игеру бойынша мақсатты жүйелі жұмысты көрсетеді.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай маңызды іс-шаралар өткізіледі:

- "Менің елімнің атаулы күндері"; "Мен – патриотпын".

"Қазақстан рәміздері", "Туған өлке – барлығының негізі" сынып сағаттары

"Қазақстан – біздің ортақ үйіміз", "Қазақстанның рухани мұрасы";

"Туған жерім" тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастыру;

Қаламыздағы мұражайға экскурсиялық сапар; Мектептегі оқушылардың азаматтық – патриоттық тәрбиесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді және жалпы тәрбие процесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша:

«Отбасы – бақыт мекені» апталығы өткізілді. «Отбасым – шағын Отаным» атты тақырыпта сурет көрмесін ұйымдастырып өткізілді. «Талағай» спорттық жарысы ұйымдастырылды. Мектеп психологы мен бірлесіп «Отбасы тәрбие бастауы» тренингі өткізілді. «Семейные ценности – основа жизни» атты бейнеролик көрсетілді. «Ата – анам, туысым – бәрі менің Отбасым» атты тақырыпта шығарма сайысын ұйымдастырылды. «Семья – уголок счастья» тәрбие сағаты, «Моя семья – мое богатство» атты тақырыпта сурет көрмесі, «Семья и семейные ценности» тақырыбында презентация өткізілді.

Қосмадениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты бойынша:

5 қыркүйек – ҚР халықтарының тілдер күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» атты тілдер апталығының аясында сынып жетекшілері мен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері тәрбиелік шаралар мен сынып сағаттарын ұйымдастырды. "Тіл – рухани қазына" атты тілдер апталығы өз жалғасын табуда. Соның бір дәлелі – 6 қыркүйек күні, 3 сыныптар арасында "Ана тілін — арым бұл" тақырыбында дебат ойыны болып өтті. Дебат барысында қатысушылар қазіргі қазақ тілінің мәртебесі, үш тұғырлы тіл тақырыбында пікір бөлісті. Ана тіліміздің қазіргі таңда мәртебесін одан әрі асқартудың маңыздылығына да тоқталып өтті.

Эстетикалық тәрбие беру мақсатында 1-4 – сынып оқушыларына тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың талғаммен өмірлеуі басты назарда ұсталынады. «Робототехника» үйірмесі бойынша 1-4 сыныптар арасында ауқымды түрде «Менің досым-менің роботым» атты сайыс ұйымдастырды. Сайыс барысында оқушылар түрлі өз қиялындағы, ерешеленген роботтар жасап таныстырды.

Жыл сайын ұлттық күніне орай тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастыруымен «Үстел ұлы тұлға» атты тақырыпта мерекелік концерт өткізіледі. Сонымен бірге «Күзгі бал» атты сайыс та жыл сайын өткізіледі. Үздік шыққан оқушылар марапатталды, қатысушыларға номинациялар берілді. Желтоқсан айында «Новый год шығает по планете» тақырыбында жаңа жылдық қабырға газеттері мен мерекелік шырыш ертеңгілігі ұйымдастырылады.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. "Самалы азамат" жобасы

Мақсаты: еңбектің маңыздылығын түсінуді қалыптастыру; қоршаған ортаны қорғаушының белсенді ұстанымын, Мәңгілік Ел рухани – адамгершілік құндылығын тәрбиелеу. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Міндеттері: Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне адал және шығармашылық қарым-қатынас жасау, туған өлкенің табиғатын зерттеу, оның сұлулығы мен ерекшеліктеріне баса назар аудару, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, табиғи байлықты көбейтуге ынталандыру. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: Мәңгілік Ел рухани – адамгершілік құндылығын қалыптастыру: тарихтың, мәдениет пен тілдің бірлігі, сынып оқушыларының Тәуелсіздік бастамасын көрсетуі үшін жағдай жасау.

Міндеттері: сынып оқушыларының сабақтан тыс жұмыста өздерінің жеке қабілеттерін тең дәрежеде көрсетуіне жағдай жасау, шыңдықты эстетикалық қабылдауды қалыптастыру, Өз және басқалардың жетістіктерін бағалау, өз жетістіктеріне қуану және басқалардың сәтсіздіктері үшін қайғыру қабілеттерін дамыту, оқуға деген құштарлығын сақтау, өзіне деген сенімді нығайту.

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, әр-ұлт, талап құндылықтары көрініс табады. Аталған оқу жылына тәрбие жоспарлары толығымен жасақталып, жұмыс жүргізілуде.

Мектепте Ата-аналармен жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Жеке жұмысты ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық білімді насихаттау арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.
- Білім алушылардың отбасылық тәрбиесінің жағдайларын

психологиялық-педагогикалық диагностикалау, отбасының психологиялық атмосферасын, тәрбиелік әлеуетін анықтау.

- Отбасына баланы зерттеуге және отбасылық тәрбиені түзетуге педагогикалық көмек, ата-аналарды практикалық дағдылармен қаруландыру;
- Ата-аналардың оқу-тәрбие процесін басқаруға қатысуын ұйымдастыру;
- Ата-ана активіне (Қамқоршылық кеңеске, мектеп ата-аналар комитетіне, үйірмелер жетекшілеріне, ұжымдық шығармашылық істерді ұйымдастырушыларға) әдістемелік көмек көрсету;
- Проблемалы отбасылармен жеке жұмыс;
- Ата-аналар және оқушылар, мұғалімдермен бірлескен жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «2019 – 2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін» іске асыру құжаттарына, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығына сәйкес келеді.

4.4 Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

Таллау нәтижелері:

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру асырылмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жеке мектеп тек бастауыш буын болғандықтан, бейінді оқыту іске асырылмайды.

4.5 Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі)